



# СЫР БОЙЫ

№159  
(19642)  
25 ҚАЗАН,  
БЕЙСЕНБІ  
2018 ЖЫЛ

ҚЫЗЫЛОРДА ОБЛЫСТЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ | 1929 ЖЫЛДЫҢ 1 ШІЛДЕСІНЕН ШЫҒАДЫ

WWW.SYRBOYI.KZ

BÜGINGI SANDA



БИІК  
МАҚСАТ

2»



JARQYRAP  
ÓTKEN BIR  
JULDYZ

3»



BEREKELI  
AÚYL BELESI

4»

Bastama

## АЙМАҚТАҒЫ ТАТУЛЫҚ ҮЙІ

Жоғарғы Соттың сотсыз татуласу орталығын құру туралы ұсынысы негізінде елімізде алғашқы рет Қызылорда қаласында Татуласу орталығы ашылды.

Ержан ҚОЖАС.

Көне заманға көз жүгіртсек, ата-бабамыздың дала заңдарына үйіспек, ел арасында дауды реттеп, кесімін айтқан билер еңбегінің зор екенін байқаймыз. Ұлы даладағы құқықтық дәстүрлерді қайта жандандырып, бүгінгі қоғамда оны тиімді пайдалану мақсатында республикада алғаш рет Сыр елінде ашылып отырған орталықтың негізгі мақсаты да сол. Күнделікті тұрмыс-тіршілікте кездесетін әлеуметтік, отбасылық, қылмыстық және де т.б келіспеушіліктерден арлуға осы орталық қызметі көп көмегін тигізеді сөзсіз.

Облыста жыл сайын әрбір бесінші адам сотқа жүгінеді. «Ел ішінде дау көбейсе, шетінде жау көбейер» демекші, орталық қызметінің негізі ата дәстүрге, билер институтымен тығыз байланысты. Орталық азаматтарымыздың арасындағы дау-жанжалды сотсыз реттеп қана қоймай, сот жүйесінің ашықтығы мен халықтың тегін құқықтық көмекке қол жеткізу мақсатында ашылып отыр, – деді шараға қатысқан облыс әкімінің орынбасары Руслан Рүстемов.

Орталықта келушілерге барлық жағдайлар жасалған. Дауласушы азаматтар екі жаққа да тиімді, бейбіт келісімге келе алады. «Сонымен қатар, мұнда уақыт та көп кетпейді, себебі, сот рәсіміне қарағанда бұл әлдеқайда қысқа, мемлекеттік баж салығы төленбейді және адвокаттың да қызметі қажет болмайды» дейді мамандар.

Айта кету керек, орталықтың ашылуы ҚР Жоғарғы Сот төрағасы Жақып Асановтың бастамасымен, Қызылорда облысы әкімінің қолдауымен «Ақиқат нұры» қоғамдық бірлестігінің үйлестіруімен жүзеге асып отыр.



салтанатты  
шарасының  
БАҒДАРЛАМАСЫ

2018 жылғы 27 қазан

8.00 – 13.00: – Ауыл шаруашылығы өнімдерінің жәрмеңкесі

11.00: – «Алтын дән – 2018» – ауыл шаруашылығы өндірісінің озаттарын марапаттау шарасы (Н.Бекежанов атындағы драма театры)

Ауыл шаруашылығы жәрмеңкесінде аудандардың орналасу орындары

Арал ауданы

С.Торайғыров көшесінің бойы («Шұғыла» балабақшасының алды)

Қазалы ауданы

Г.Мұратбаев көшесі мен Қ.Яссауи көшесінің қиылысы («Шұғыла» шағын ауданы)

Қармақшы ауданы

Журба көшесінің бойы (С.Романов және Саламатов көшелерінің аралығы)

Жалағаш ауданы

Ә.Қашаубаев және Жетікөл көшелерінің қиылысы (Титов қыстағы)

Сырдария ауданы

Жанқожа батыр көшесі (Реалбаза алды)

Шиелі ауданы

Тасбетег кенті (кенттің орталық алаңы)

Жаңақорған ауданы

Астана даңғылының бойы (Е.Көшербаев және А.Иманов көшелерінің аралығы)

Қызылорда қаласы

Әйтеке би көшесінің бойы (Қазыбек би және Д.Қонаев көшелерінің аралығы).

«СБ» ақпарат.

Nátje



## СЫР ЦЕМЕНТІ нарыққа шығар күн жақын



Сыр өңірінің құрылыс индустриясында жаңа инновациялық өнім пайда болатын күн жақындап келеді. Жыл соңына дейін Шиелі ауданындағы тампонажды цемент зауыты іске қосылмақ. Елімізде ғана емес, Орта Азияда бірінші болып құрылысы басталған зауытты «Данакорпорациясы» мен Қытай мемлекетінің «Гежуба групп цемент» компаниясы бірлесіп қолға алғалы екінші жыл.

Жылына 30 млн тоннаға дейін тампонажды цемент өндіретін алауыт компания жер-жердегі филиалдарының да жоғары сапалы өнім өндіруіне мүдделі. Жаңа технологияларды тиімді пайдаланып, өзінің нарықтағы орнын одан әрі кеңейтуді көздейді.

«Гежуба Шиелі Цемент» ЖШС зауыты жобасының жалпы құны 64 млрд теңге. Бас мердігері «Чайна Триумф Интернэшнл» – әлемдегі үздік 50 халықаралық көшбасшы компания қатарына жатады. Зауыт толықтай іске қосылғанда мұнда 300-ге жуық жұмысшы еңбек ететін болады.

Зауыт жылына 1 млн тонна тампонажды цемент өндіреді деп күтілуде. Шығаратын өнім атом өнеркәсібі мен газ-мұнай саласында сұранысқа ие. Шикізаты аса қымбатқа түспегендіктен, өнімнің бағасы да қолжетімді болады. Қазір доломит, уақ тас және құм қарьерлері жұмысқа дайын.

Мемлекет зауыт құрылысына аумағы 46 гектар болатын жер телімін бөлген. Қазір қызметкерлерге арналған жатақхана және басқа да әлеуметтік құрылыстар бой көтерді.

Мамыр айында аудандағы индустриалды-аграрлық колледжде білім алған 48 студент Қытай Халық Республикасындағы зауыттарда қосымша оқудан өтті. Қазір олардың 16-сы елге оралып, шетелдік тәжірибені өндірісте қолдануға әзір. Жинақталған оқу курсына білім алған жастар кейін кәсіпорын есебінен Осы елде тәжірибе алмасты. Қытайда 5000-нан аса осындай зауыт бар екен. Шәкірттер жаңа өндіріске тірек болатын мамандықты игергендеріне дән риза. Екі тарапқа да тиімді әріптестік бағыттағы жұмыстар жалғасын тапса, өндіреді өндірістің өрісі кеңейе түспек.

El tynysy

## ЕҢБЕКТЕН БАҚЫТ ТАПҚАН ӘУЛЕТ

Қазекеннің «мал-жаным аман ба?» деп жон сұрасатын дағдысында терең мән жатыр. Осынау сөзден барша тыныс – тіршілігі төрт түлікпен тығыз байланысқан ата-бабаларымыз үшін мал шаруашылығының қаншалықты маңызды екенін аңғару қиынға соқпайды. Бір қуанарлығы, ел атакәсіптен айныған жоқ.

Соңғы жылдары мемлекет тарапынан кәсіпкерлік саласына, ауылға, оның

ішінде мал шаруашылығын дамытуға деген жанашырлық, қаржылай қолдау жасау саланың тамырына нәр жүгіртті.

Мемлекет қолдауын сезініп отырған жандардың бірі – Майдақол ауылындағы «Айзат» шаруа қожалығының мүшелері. Шаруа қожалығының негізін Сейіт Сұлтанбеков ақсақал құрған болатын. Зейнеткерлікке шыққанша ауылда еңбек еткен Сәкен өсіп-өнген іргелі әулеттің несі. Өмірлік жары Зария екеуі бауырынан өрбеген перзенттерінен отыз немере сүйіп отырған бақытты ата-әже.

Қазіргі таңда шаруа қожалығына ұлы Берік жетекшілік жасаса, Жасаралы мен Дәурені ұжымда еңбек етеді. Сейіт ақсақал

балаларының ақылшысы. «Алға ала болса, ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген бар. Ортақ мүдде, әулет абыройы деген ұғым бұл отбасы үшін қастерлі.

«Айзат» шаруа қожалығы алғашқы қадамын Майдақол ауылының аумағынан 600 гектар жер алып, жеке иелігіндегі санаулы ірі қараны күтіп-баптаудан бастады. Қай шаруаны да бірден дөңгелетіп әкету оңайға соқпайды. Қожалық мүшелері де сандаған келергі, уақытша қиындықтарды бастан кешірді. Дегенмен, шыдамдары сарқылмады. Біртіндеп істері оңға басты. Уақыт өте мемлекеттік «Сыбаға» бағдарламасымен жеңілдетілген



несие иеленуге қол жетті. Қаражатты тиімді пайдаланып, 30 бас ірі қара алып, мал тұқымын асылдандыруға кірісті.

Ет бағытындағы қазақтың ақ бас сиырлары төлі есебін көбейте түсті. Оған қоса жеке қаражатқа жылқы мен қой-ешкі алып, өсірді. Қолдағы техникаларды жаратқандырып, мал азығын дайындауға күш салды. Қожалықтың иелігіндегі жерге жонышка егіліп, жем-шөп қоры жасатқалды. Қашанда еңбекпен тыныстап, қара жұмыстың қазанында шыңдалған әулет өздеріне арнап бақша егуді де назардан қалыс қалдырмады. Қарбыз-қауын, жаздай сауын. Қауын, көмекті бала-шаға қажанда, қауынқұрт, қас тіліңді. Қолдан дайындалған құрт-май дастарқан сөніне айналды.

Кәсіптен көркейген іргелі әулет мүшелері мемлекет берген несиені жауып, мал бордақылау ісін дамытып, шөп тайлайтын құрал алуды жоспарлауда.

Жұмабек ТАБЫНБАЕВ,  
Қазалы ауданы.

## ЖАЛАҒАШТАҒЫ ЖҮЗДЕСУ

Елбасының халыққа Жолдауын, онда жүктелген міндеттер мен аталған маңызды құжаттан туындайтын тапсырмаларды ел арасында кеңінен түсіндіру мақсатында кеше ҚР Парламенті Мәжілісінің депутаттары Нұртай Сабильянов пен Наталья Жұмаділаева Жалағаш ауданындағы Мәдениет ауылы және кеңестік тұрғындарымен кездесу өткізді.



Кездесу барысында халық қалаулылары құнды құжаттың қоғам дамуындағы маңызын саралады. Жолдаудағы бағыттар бойынша түсіндірме жасаған депутаттар тұрғындар тара-

пынан қойылған бірқатар сұрақтар мен ұсыныс-пікірлерді тыңдап, оларды шешу бағытында тиісті жұмыстар жүргізілетінін атап өтті. «СБ» ақпарат.

## МАҢЫЗДЫСЫ – МҰҒАЛІМ МӘРТЕБЕСІ

Парламент Мәжілісінің депутаты, әлеуметтік мәдени даму комитетінің мүшесі Наталья Жұмаділаева Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын насихаттау мақсатында қала мектептерінің ұстаздарымен кездесті. №264 Төкей Есетов атындағы мектеп-лицейде өткен жиында білім саласының өкілдері құнды құжаттың маңызын талқылады.

Ержан ҚОЖАСОВ.

– Елбасы әр Жолдау сайын мұғалім мәртебесі туралы айтып келеді. Бұл жолы мектепке дейінгі білім беру ұйымдарының жұмысын түбегейлі жақсартып, мектептерде білім сапасын дамытуды халықаралық стандарттарға негіздеуді тапсырды. Елбасы тапсырмасымен келер жылы «Пе-

дагог мәртебесі туралы» заң қабылданады. Онда бірінші кезекте, педагогтарға артық үстемсі азайтып, мектепке қатысты тексерулерді азайту көзделген. Осы шаралар мұғалімдерге өз-өзін жетілдіруге мүмкіндік беріп, өз жұмысына көбірек көңіл бөлуге көп көмегін тигізеді. Қазір осы заң жобасын дай-

ында шаралары басталып кетті, – дейді Мәжіліс депутаты.

2016 жылдан бастап жаңартылған білім жүйесін игере бастаған білім беру мекемелері 2020 жылға қарай толық осы оқу стандартына ауысады. Осы ретте мұғалімдерге үлкен жауапкершілік жүктеледі. Әрбір педагог жаңа жүйе бойынша өзін жетілдіруі тиіс. Облыс бойынша 8952 мұғалім жаңартылған бағдарлама бойынша біліктілік арттыру курсынан өткен. Алда аттестациялаудың жаңа форматы енгізіліп отыр. Мәжіліс депутаты білім беру ұйымдарындағы күрмеулі мәселелер түйткілі «Жол картасы» негізінде шешілетінін де айтып өтті.

## БИІК МАҚСАТ

Біз экономикасы дамып келе жатқан прогрессивті мемлекет құрып, бейбітшілік пен қоғамдық келісімді қамтамасыз еттік. Елдің бірлігі, ынтымағы, халықтың әл-ауқат деңгейі көтерілуде. Бұл ертеңге деген сенімді нығайтады. Елбасының биылғы Жолдауында «Нұрлы жол», «Нұрлы жер» бағдарламаларын 2025 жылға дейін ұзартуды, бұл халықтың әл-ауқатын, экономикасын көтеруге үлкен негіз болатыны айтылды. Қазір жергілікті маңызды бар автокөлік жолдарының сапасын көтеру мақсатында отандық өнімге жол аша бастадық. Жол – халықтың қазынасы. Біздің ұлан-ғайыр жерімізде 100 мың шақырымнан астам автокөлік жолы бар. Елбасының Жолдауына

да халық табысының өсуі жаңа мүмкіндіктерге даңғыл ақашатыны баяндалды. Алдағы жылдан бастап ең төменгі жалақы 1,5 есе, яғни, 28000-нан 42000 теңгеге өсірілмек, ал бюджеттік мекемелерде қызмет ететін 275 000 қызметкердің еңбекақысы көбейіп, орта есеппен 35%-ке өседі. Осының бәрі адамға деген шексіз қамқорлықтың белгісі. Өйткені, біздің қоғам үшін адам – ең қымбат қазына.

Алдыңғы қатарлы елдер, ең алдымен, өмір сүруге жайлы ортаны қалыптастырады. Бұл – тұрғын үйдің қолжетімділігі, ауланың әдемілігі, тіршілікке қолайлы болуы. Сыр өңірінің қазіргі келбеті осы үлкен шығарылым. Дария жағалауы жаңа қалашыққа айналды. Елбасының сарабал саясатының нәтижесінде 18 миллионнан астам халық бар елде 3 миллионнан астам тұрғыны бар үш қаланың болуы, екі қаланың тәуелсіз Қазақстан дәуірінде қосылуы – баға жетпес жетістік.



Елбасының Жолдауындағы міндеттер бізді үлкен еңбекке жігерлендіріп отыр. Бұған жауап беру біздің басты борышымыз.

Алтынбек ШОМАНОВ, «Қызылорда жолдары» ЖШС директоры.

## ЕРТЕҢІМІЗДІ ЕҢСЕЛІ ЕТЕР БАСТАМА



Елбасы Қазақстан халқына арнаған кезекті Жолдауында ұстаздар мәртебесін көтерудің негізгі тетіктерін айқындап берді. Ұстаздар қауымы, әсіресе, «Педагог мәртебесі туралы» Заң қабылданып отырғанына ерекше қуаныштымыз. Өйткені, қазіргі таңда қоғамымызда мұғалімдердің қадір-қасиетіне байланысты түрлі көзқарас қалыптасқаны жасырын емес. Құрметті мамандықтың жүгін арқаулаған жанардың ұрпақ алдындағы жауапкершілігі зор. Мұғалім мәртебесі – ел мәртебесі деп білеміз. Болашақ ел тізгінін ұстайтын кейінгі буынның саналы тәрбие, сапалы білім алуы педагогтардың еңбегімен байланысты. Сондықтан, Елбасының «Келесі жылы «Педагог мәртебесі туралы» заңды әзірлеп, қабылдау қажет деп санаймын. Бұл құжат мұғалімдер мен мектепке дейінгі мекемелер қызметкерлері үшін барлық игілікті қарастырып, жүктемені азайтуға, жөніс тексерістер мен міндеттен тыс функциялардан арашалауға тиіс» деген сөзі болашағымызды бекемдейтін, ертеңімізді еңселі етер бастама деп есептейміз.

Ақгүл ЖУБАНДЫҚОВА, Қазак мемлекеттік қыздар педагогикалық университетінің профессоры, п.ғ.к.

## МЕРЕЙЛІ МІНДЕТ ЖОЛЫНДА

Мемлекет басшысы айқындаған «100 нақты қадам» Ұлт жоспарының алғашқы он бес қаламы халық мүддесіне қызмет ететін кәсіби мемлекеттік аппаратты құруға арналған. Олардың әрқайсысының алға қойған міндеттері бар. Елбасының стратегиялық міндеттерін жүзеге асыру барысында өңірде бірқатар жұмыстар атқарылууда.

Бүгінде облыста орталық және жергілікті атқарушы органдарда 3582 мемлекеттік қызметші түрлі салаларда жұмыс жасайды. Олардың 3345-сі немесе 93,4%-і жоғары білімді мемлекеттік қызметшілер. 29 жасқа дейінгі, яғни, жас мемлекеттік қызметшілердің үлесі 16,4 %-і құрап отыр.

Өңірдегі мемлекеттік қызметкерлердің біліктілігін арттыру бағытындағы жұмыстар жүйелі түрде жүргізілуде. Ағымдағы жылдың 9 айында Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Мемлекеттік басқару академиясы облыстық филиалының оқу орталығында 159 қызметкер қайта даярлау курсынан өтсе, 321 қызметкер біліктілігін арттырған.

Бос мемлекеттік әкімшілік лауазымдарды толықтыру мақсатында жыл басынан бері 948 конкурстар өткізілді. Олардың ішінде, бос жұмыс орны қалыптасқан мемлекеттік органдардағы мемлекеттік қызметшілер арасындағы ішкі конкурс – 429 рет, барлық мемлекеттік қызметшілер арасындағы ішкі конкурс – 145 рет және бос лауазымның біліктілік талаптарына сәйкес келетін кез келген азамат құжат тапсыра алатын конкурс 374 рет жүргізілді.



Жыл басынан бері «Б» корпусының мемлекеттік қызметшілеріне арналған тест тапсырғандар арасында 759 адам шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болды.

Ал, құқық қорғау қызметіне алғаш рет қабылданатын азаматтарға арналған тесттеулеге 1444 адам қатысып, оның 738-і немесе 51,1%-і сынақтан сүрінбей өтті.

Әкімшілік лауазымдарына орналасуға арналған тест тапсырғандар арасында 759 адам шекті мәннен төмен емес нәтижеге ие болды.

Мәселен, өткен жылдары «Бәйтерек» шағын ауданынан жер берілді. Ол жерде 200-300-дей ғана тұрғын үй салынған. Көбі сағуа шығарған. Осыған орай, жер алған кез келген адам ол жердің 3 жылға арнағанда берілетінін, сол себепті оны мақсатты түрде пайдаланып, өз атына ауыстыру қажет екенін түсіне деймін. Оған дейін мүлдем сата алмайды. Ал, республика бойынша Сыр өңірі тұрғындарды жермен қамтуда алдыңғы орында тұр, – дейді Қ.Жұмағамбетұлы.

Мәкпәл АБТИКЕРОВА, ҚР Мемлекеттік қызмет істері және сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігі облыс бойынша департаментінің бас маманы.

### Brifing

## ЖАСТАРҒА ЖҮКТЕЛГЕН ЖАУАПКЕРШІЛІК

Өңірлік коммуникациялар қызметінде Елбасының «Қазақстандықтардың әл-ауқатының өсуі: табыс пен тұрмыс сапасын арттыру» атты Жолдауын насихаттау мақсатында аймақтың жас көшбасшыларының қатысуымен брифинг өтті.

Сара АДАЙБАЕВА.

Брифингте Елбасы Жолдауының жастарға деген сенім мен жауапкершіліктің айғағы екендігі айтылды. Мемлекет басшысының келер жылы «Жастар жылы» деп атауды ұсынуы – кейінгі толқынның келешегін кемелдендіретін бастама. «Нұр Отан» партиясы жанындағы «Жас Отан» жастар қанаты қоғамдық бірлестігі облыстық филиалының төрағасы Талғат Тілес атауды жылды мазмұнды әрі жоғары деңгейде атап өту керектігін айтты. Оған әрбір жас атсалыса алады. Осы орайда облыстық «Жас Отан» жастар қанаты қараша айынан бастап жастардың ұсыныстарын қабылдау мақсатында «Jas Otan Oda» ресми сайтына іске қосады. Ресми сайтқа кез келген жас өзінің ойын, пікірін, идеясын жолдай алады.

Жастардың уақытын тиімді өткізуді пайдалану бәрін маңызды. Осыған сай кітапханаларды заман талабына сай жаңғыртып, «Білім орталықтарына» айналдыру жанды жүзеге асырылууда. Қазіргі таңда Ә.Тәжібаев атындағы облыстық кітапхана мен Шнелі аудандық орталық кітапханасы жасқалтып, оқырмандар игілігіне берілді. Енді жыл соңына дейін 6 аудандық, 1 қалалық орталық кітапхана аталған тізімге енетін болады. Осы мақсатта жасотандықтар бастамасымен кітапханаларға жастарды көптеп тарту негізінде коворкинг орталықтарының бірыңғай тұжырымдамасы әзірленді. Сонымен бірге Талғат Тілес бүгінде жастар арасындағы жұмысыздық мәселесі алаңдататынын жеткізді. Бұл мәселенің шешімі – шағын және орта бизнесті дамыту.

Елбасы Жолдауында «Бизнестің жол картасы-2020» бағдарламасын 2025 жылға дейін созуды жүктелді. Аймақта 2018-2020 жылдар аралығы жаппай



кәсіпкерлікті қолдау жылдары деп жарияланды. Бұл шешім өз кезегінде жастарға да кәсібін ашып, шаруасын дөңгелентуге үлкен септігін тигізіп отыр.

Ауыл жастарын қолдау мақсатында қолға алынған жобалар жайы да талқыланды. Жастарға ағылшын тілін үйрету курстарын ұйымдастырып, өзге де жүйелі жұмыстар қолға алынған. Ал, «Жылы жүрек» еріктілер тобының жетекшісі Сағатбек Синоев Елбасының әрбір Жолдауында жастар жайы назардан тыс қалмайтынын айтты. Сондықтан бұл жастарға берілген үлкен мүмкіндік екенін жеткізді. Сондай-ақ, ол жастар арасында қамтылмай жүрген жайттарды да тілге тиек етіп, өз ұсыныс-пікірін білдірді.

## ЖАЛҒА БЕРІЛГЕН ЖЕР САТЫЛМАЙДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Қанат Нұрманов жер қатынастары саласы бойынша 9 айда атқарылған жұмыстар мен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер турасында брифинг өткізді.

Мейрамғұл ДАУЫЛБАЙҚЫЗЫ.

Бүгінде ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 18 қыркүйектегі №983 қаулымен бекітілген мемлекеттік көрсетілетін қызметтер тізіміне енгізілген жер қатынастар саласы бойынша басқарма 9 қызмет түрін көрсетеді.

– Жыл басынан бері атаған қызметтер бойынша 74 қызмет көрсетілді. Оның ішінде мемлекеттік корпорация – 5, кеңсе арқылы – 19, электронды үкімет арқылы 20 өтініш қаралды. Көбіне өтініштер жер учаскелерін қалыптастыру жөнінде жерге орналастыру жобаларын бекіту қызметіне түседі. Бұл тұрғыда есепті кезеңде барлығы 53 қызмет электронды үкімет порталы арқылы көрсетіліп отыр. Елбасы өзінің биылғы Жолдауында 2019 жылы көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің 80 проценті, ал 2020 жылы кемінде 90 проценті электронды форматқа көшірілуі тиіс деген болатын. Біздің өңір бұл ретте облыс әкімінің қолдауымен осы жылдың сәуір айынан бастап жұмыс жасап жатыр. Қазіргі таңда жер алуға қатысты өтініш тастаған адам өзінің өтінішін жер актісін



алғанға дейін толық бақылай алады. Сондықтан алдағы уақытта электронды форматқа көшіп қана қоймай, көрсетілетін қызметтердің саны да ұлғайтуға қолға аламыз, – деді Қ.Нұрманов.

Жиын барысында мұнан өзге

## ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТАДЫ

Өңірлік коммуникациялар қызметінде облыстық денсаулық сақтау басқармасы басшысының орынбасары Баян Боранбаеваның, облыстық медицина орталығының директоры Нұриддин Әминовтің, облыстық онкология орталығы директорының орынбасары Жандос Әділханнның және №5 емхана бас дәрігері Жұмақұл Рысқұхамедованың қатысуымен брифинг өтті, онда Елбасы Жолдауынан туындайтын міндеттер туралы айтылды.

Айнұр БАТТАЛОВА.

Мамандардың мәлімдеуінше, дәрігерлер жалақысының 20 процентке көтерілуі өз кезегінде тұрғындарға көрсетілетін медициналық қызмет сапасы мен қолжетімділігін арттыруға оң септігін тигізетін болады. Қазіргі таңда 1 қызметкердің орташа айлық жалақысы 102,9 мың теңгеге құрайды екен. Алдағы уақытта еңбекақыны көбейту жұмыстары барлық емдеу ұйымдарында жүргізілмекші.

– Жолдауда: «Медициналық қызмет сапасы халықтың әлеуметтік көңіл-күйінің аса маңызды компоненті болып саналады», – деп атап айтылды. Бұл мақсатта соңғы

5 жылда республикалық және облыстық бюджет қаржысынан 54 амбулаториялық нысан жаңадан салынды. Елді мекендердегі бастапқы медициналық-санитарлық көмек көрсету ұйымдарының 63 проценті жаңартылды. Мемлекеттік-жекеменшік әріптестік аясында салынған жұмыс орындарының 18 дәрігерлік амбулаторияның 12-нің құрылысы басталды. 1 қалалық емхана салынууда, – деді Б.Боранбаева.

Сонымен қатар, медициналық қызметтің қолжетімділігі мен сапасын арттыру мақсатында аймақтық дәрігерлердің жүктемесін азайту көзделуде. 2017 жылы жаңадан

34 аймақ ашылса, осы жылдың қыркүйегінен бастап облыс бойынша қосымша 21 аймақ ашу үшін жұмыстар жасалуда. Биыл 92 жас маман жұмысқа қабылданып, оның 60 проценті БМСК ұйымдарына жіберілген. Қазіргі таңда БМСК ұйымдарының дәрігермен қамтылу көрсеткіші 95 процентке жеткен.

Жолдауда онкологиялық қызметті жетілдіру жайы нақты айтылып, бірқатар міндеттердің жүктелгені белгілі. Бұл орайда біздің облыста да тиісті шаралар қолға алынууда.

– Қазіргі таңда қаланың сол жағалауынан 300 төсек орынаға арналған қосалма онкология ауруханасы салу жоспарлануда. Оның жобалық-сметалық құжаттамасын әзірлеуге қаржы бөлініп, жыл соңына дейін мемлекеттік сараптама қорытындысы алынатын болады. Аймақ басшысы орталық құрылысының жедел басталуын тиісті орындарға тапсырды, – деді облыстық онкология орталығы директорының орынбасары Ж.Әділхан.


Мамандар, облыста онкология-

лық аурулардың алдын алу, оларды емдеуде көптеген тың тәсілдердің енгізіліп отырғанын айтады. 2016 жылы паллиативті көмек көрсететін бөлімше ашылса, биыл диагностикалық палаталар келушілерге қызмет көрсетуде. Диагностикалық палаталар арқылы қысқа уақытта күмәнді онкологиялық ауруларды анықтауға қол жеткізілсе, паллиативті көмек ІV сатыдағы сырқаттардың ем алуына жағдай туғызуда. Сондай-ақ, аймақ басшысының қолдауымен орталық Корея елінің жетекші клиникаларымен меморандумға отырды.

Облыс тұрғындарын электронды төлқұжатпен қамту 95,6 процентті құрайды. Ал, диспансерлік есепте тұратын науқастарды цифрлы жүйемен қамту 33,4 процентке жеткен. Бұл созылмалы аурулары бар науқастардың тізімін автоматты түрде қалыптастыруға, рентгенді онлайн ұзартуға, пациенттердің денсаулық жай-күйлері туралы деректерді онлайн беруге мүмкіндік туғызады.



## ҚАЗЫНА БҮККЕН ҚОРҒАҒАҒА



Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламалық мақаласы ел дамуының жарқын үлгісі мен нақты қаламдарын көрсететін маңызды құжат. Бұл мақалада сананы жаңғырту, ұлттық болмыстан, ұлттық қолдан айырлыл қалмай, оны әлемдік құндылықтармен үйлестіріп, Қазақстанның игілігіне жарату жолындағы мақсат-мүдделер туралы өзекті мәселе көтеріліп отыр.

Жанақорған тарихи киелі Қаратау өңірінің сонау көне замандардан бастап, Ұлы Далаға кең тараған көшпелілер өркениетінің ошағы болғандығын көрсетеді. Көнеден жеткен ескерткіштердің құндылығына сай баға беріп, «Қаратау – адамзаттың тас бесігі» деген тұжырым тарих ғылымында нық орныққан. Оған таудағы петроглифтер дәлел. Бүгінде әртүрлі тосілдермен салынған жануар мен адамдар бейнесіндегі таңбаларды Қаратаудан көптеп табуға болады.

Бұл далала Орта Азия мен Қазақстанды қоныс еткен сактардың мәдениеті қалған. Жанақорған кентінің оңтүстік-шығысындағы көне Сак дәуіріне жататын қорымдар соны айғақтайды. Кент аумағындағы 18 сақ обасы 45 жыл бұрын қоспастан түсірілген сурет арқылы белгілі болды. XX ғасырдың 80 жылдардың басында аудан басшылығы арнайы қорғау аймағы ретінде белгіледі. Қорымдарға зерттеу жұмыстарын жүргізген Отырар мемлекеттік археологиялық қорық музейінің жанынан ашылған «Archeo-service» ЖШС оның мерзімін б.з.д. 1-мыңжылдықтың орта шеніне жатқызыпты.

### Кәсіп



Қазалы ауданында республикалық көгершіндер жәрмеңкесі ұйымдастырылды. Тұңғыш рет өткізілген шараға еліміздің әр түкпірінен - Алматы, Тараз, Түркістан, Ақтөбе, Шалқар қалалары мен көршілес Байқоңыр, Арал, Сексеуіл, Қармақшыдан жүздеген әуесқой құс өсірушілер өздерінің көпестерін алып келді.

## КЕПТЕР ҚҰНЫ – 180 МЫҢ ТЕҢГЕ

Жиналған қауым бейбітшілік құсының түр-түрін тамашалады. Көгершін – кептердің қолға үйретілген түрі, – деп бастады әңгімесін атын жасырып қалуды жөн санаған жәрмеңкеге қатысушы. Оны әкем ерекше жақсы көретін. Менің бұл құстарға қызығушылығым сол себепші болған секілді. Көгершін – өте сезімтал, еске сақтау қабілеті жоғары құс. Бұлар басқа құстардан тұмсығының көлемімен, кекілінің ауқымдылығымен және табанының қауырсындандығымен ерекшеленеді. Жылтырбасты, мұрнында кекілі бар, тұлымды және қос кекілі, ұзын, орташа және қысқа тұмсықты деген түрлері кездеседі. Қауырсындарының түсі де әртүрлі болып келеді. Әрбіреуіне ерекше бағамалы атау қойғанымын, – деді әрбір құсын таныстырған ол. Кептер асыраушылардың айтуынша, мұндай шаралар негізінен халық тығыз орналасқан үлкен қалаларда ұйымдастырылады екен.

Кептерлердің кей әрекеттерінен үлгі алуға болады. Кептер ешқашан жұбын жазбайды, бірге болады. Қирпыз. Тазалықты сүйеді. Үсті балшық болса, тұмсығымен бүкіл денесін тарап шығады.



– Бұл – Қазалы топырағында ұйымдастырылып отырған алғашқы жәрмеңке. Негізгі мақсатымыз – еліміздегі кептер асыраушылармен тығыз қарым-қатынас орнатып, танысып, білісу. Сол арқылы бейбітшіліктің символы саналатын бұл құсқа деген жастардың қызығушылығын ояту. Себебі, құс өсірген жандардың бос уақыты болмайтын бәріміз жақсы білеміз. Сондықтан да құс өсіруді қолға алған жастар жаман әдеттерден аулақ болады деп ойлаймыз. Бір жағынан, бүгінгі күні кептер асыраудың өзі бизнестің бір көзі болып тұр. Олай деуге себеп те жоқ емес. Мысалы, осы жәрмеңкеде сатылған ең қымбат кептердің бағасы 180 мың теңге болды, – деді жәрмеңкені ұйымдастырушылардың бірі Ерлан Ерекенов.

Оразкүл ЖҮСПОВА. Жанақорған ауданы.

Қармақшы ауданындағы Ақжар ауылының құрылғанына 60 жыл және Еңбек Ері, дансты тракторшы Қасымтай Ізтілеуовтің туғанына 110 жыл толуына байланысты «Құт дарыған алтын бесік – Ақжарым» атты мерекелік шара өтті.

### Гүлжазира ЖАЛҒАСОВА.

Мереке «Ораз ахун ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі ғимараты алаңында орналасқан 20 ақшаңқан киіз үйде Еңбек Ері Қасымтай Ізтілеуовтің ұрпақтары мен туыскандарының атпал азамат рухына арнап берілген астан басталды. Одан кейін Сыр сұлейлерінің ізін жалған Бидас Рүстембеков, Берік Саймағамбетов, Шолпан Бимбетова,

әкімдігінің іс-жоспары аясында ілкімі істер атқарылды. Бірнеше көшеге жөндөу жұмыстары жүргізіліп, асфальт төселді. Электр бағаналары жанартылды. Заманауи үлгіде салынған ауылдық клуб үйі елімізге пайдалануға берілді. Балабақша жөндеуден өтті. Ауылдың алпыс жылдық мерейлі тойы аясында елді мекенге орталық алаң салынды. Онда рәміздер, спорт және демалыс, сонымен қатар балалар ойын алаңы бар. Мерейтойға жиналған жұртшылық алаңның ашылу салтанатына қатысты. Салтанатта аудан әкімі Сұлтан Мақашов Қармақшы өңірі экономикасын нығайтуға, тұрғындарының әлеуетін арттыруға арналған іс-шаралар мен алдағы уақытқа мақсатталған жоспарларды баяндап, той иелері мен қонақтарға өзінің мерекелік лебізін білдірді.



## БЕРЕКЕЛІ АУЫЛ БЕЛЕСІ

Майра Сәрсенбаева, Руслан Ахметов, Балтабай Бедебаев, Серік Жақсығұлов, Марат Сүгірбай, Акерке Өтепбергенованың қатысуымен «Еңбек пен ерліктің ерен үлгісі» тақырыбында облыстық жыр фестивалі өтті. Фестивальді белгілі жырау Арнұр Кошениұлы жүргізді. Ауылдың спорт алаңында түйе балуандар жарысы өтті. Онда 70 келіге дейінгі салмақ дәрежесіндегі 24 жас балуан тартысты белдесу өткізді. Қорытындыда I орынды жастар арасында самбодан әлем біріншілігі мен басқа да дүбірлі жарыстардың жеңімпазы, байқоңырлық Дархан Сержанов жеңіп алып, осы салмақтағы түйе балуан атағын иеленсе, II және III орындарды қармақшылық және жанақорғандық балуандар Азамат Шайқұсов пен Әбдірашид Рахманберді өзара бөлісіп, демеушілер тағайындаған сый-сияпатқа ие болды. Мереке аясында ауыл жастары арасында «Еңбек Даңқы» орденінің иегері Балтабай Тұяқбаевты еске алу мақсатында ұйымдастырылған кіші футбол жарысының жүлдегерлері «Ақжар», «1993» және «1990» құрама командаларына марқұмның ұрпақтары сый-құрмет көрсетті.



Екінші күні Сәрсенбай Бөртебайұлы атындағы ауылдық клуб үйінде «Рухы биік Қасымтай батыр» тақырыбында ғылыми-танымдық конференция өткізілді. Филология ғылымдарының докторы, профессор, Ақжар ауылының тұмауы Темірхан Тебегенов пен Еңбек Ері, Батыр ана Сәліма Жұмабекова Қасымтай Ізтілеуовтің еңбектегі ерлігі, өнегелі істері жайлы естеліктер, ұйымдастырушыларға алғаусыз алғыстарын айтты. Ақжар ауылында соңғы жылдары елді мекеннің әлеуетін көтеруде аудан

Шарада ғалым Т.Тебегеновтің ауыл халқының өмірі мен экономикалық өлеуі жайлы жазған «Ақжарым – ауылмы, алтын бесігіміз» атты тарихи-танымдық кітабы таныстырылды. Жанадан ашылған спорт алаңында жайылған боз кілемде түйе балуандар бәсекесі өтті. Талай байрақты бәсекелерде топ жарып, ел намысын қорғаған Марат Баймаханов, Ержан Абдуллаев, Мақсат Исакабылов, Нұрмын Сәлімгерев және басқа да бозкілем шеберлерінің қатысуымен өткен белдесуде М.Баймаханов жарыстың түйе балуаны атанып, ұлағатты ұстаз Шоқизада Шокбаровтың ұрпақтары тағайындаған жүлдені жеңіп алды. Ал, қалған екі орынды иемденген М.Исакабылов пен Н.Сәлімгерев Сактаған Әлімбаев пен Алтынбек Диканбаевтардың әулеті тағайындаған жүлдеге ие болса, баспақ көтеру жарысында 100 келілік мүйізді ірі қараны 50 рет дем алмай көтерген

ордалық шабандоз Рәт Токтар мінген «Қаракүс» атты қара құнан (ат егесі Болат Арыстанбеков) мәреге екінші келіп, Садық Айтұрсынның баласы Ғанидың қолынан арнайы жүлде алды. Ал, жанақорғандық шабандоз Рақымжан Ерсайын мінген «Жұлдыз» атты қара құнан (ат егесі Нұрбол Амантай) Әнәфия Құлпайыстанов атындағы жүлдені иесі атанды.

Атаманда қызылордалық шабандоз Бауыржан Әубәкірдің «Фау» атты қара сәйгүлігі (егесі Нағи Қорғанбек) мәре сызығын бірінші боп сызып, «Ораз ахун ЛТД» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің автокөлігіне ие болды. Мәреге «Шамшырақ» атты қаратөбелі екінші жетіп, шіелілік шабандоз Еркебулан Абдуллаев шаруашылық тағайындаған I млн теңгенің сертификатпен марапатталды. Осы ауданнан келген тағы бір шабандоз Бағдәулет Бақытжанұлының «Еркетай» (ат егесі Алмасбек Арыстанбеков) үшінші орынға көтерілді. Ол да шаруашылық торағасы Жомарт Жалғасбаевтан 500 мың теңгенің сертификатын алды.

Екі күн бойы ел-жұрт Ақжар ауылында өткен мерекеден алған әсерін осы тойға түрлі себептермен қатыса алмаған алыстағы ағайынға айтып жеткізуге асықты. Ойткені, бұл тойға әрбір ауыл тұрғыны, үлкен мен кішісі иет қалмай аталысты. Ал, қонақтар осындай тағымды іс-шараны ұйымдастырушыларға алғыс айтып тарқасты.

Н.Сәлімгерев Тынышбай Ешмұратов атындағы жүлдені қанжығасына байлады. Ат бәйгесі – халыққа ең жақын спорт түрі. Бәйге алдымен тай жарысынан басталды. 5 шақырымдық жарыста Шіелі өңірінің шабандозы Еркебулан Абдуллаевтың «Жеңіс» атты қаратөбелі Әбдіғали Досаев атындағы жүлдені жеңіп алды. Тағы бір шіелілік шабандоз Байдаулет Сейітжаппардың «Қозайым» атты қаракері (егесі Айдар Жағыпар) және Қазалы ауданының шабандозы Бекзат Жұмалиевтің «Айжарық» атты торықасасы (егесі Кентай Өрімбаев) жүлделі II және III орындарға көтеріліп, бірі Өмірбек Кенжілиев, енді бірі Өтеу Тәжедіновтің жүлдесіне ие болды.

Құнан бәйгесінің қорытындысымен қызылордалық шабандоз Ақтан Әділет (ат егесі Кентай Игенбаев) бәйгеге тігілген Хамидулла Жұбандықов атындағы жүлдені жеңіп алса, екінші қызыл-



### Sport

## АЛТЫНБЕК – АЗИЯ ЧЕМПИОНЫ

Байдарка және каноэде есуден Самарқанд қаласында (Өзбекстан) өткен жастар арасындағы Азия чемпионатында жерлесіміз Алтынбек Қожамбет алтын медаль иеленді.

Ол 1000 метр қашықтықта каноэ бірлік бәсекесінде сынға түсіп, мәреге бірінші болып келді. Спорттың бұл түріне 12 жасында келген Алтынбек бірнеше дүркін ел чемпионы, халықаралық дәрежедегі спорт шебері болып үлгерді. Биыл Болгарияда өткен Әлем чемпионатында күміс жүлдегер болды. Өткен жылы Қытайда Азия чемпионатының қола жүлдесін еншілеген еді. Облыстың жоғары спорт шеберлігі мектебінде оқытын спортшыны жарысқа Мұхитдин Миербеков дайындады. Жаттықтырушысының айтуынша, бұл – Алтынбектің осы жылы соңғы жарысы. Келесі жылы ол Әлем чемпионатына дайындалады.

«СБ» ақпарат.

### Өнер



## «Ля-ля-фа» балаларды шақырады

Елбасының «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында кеше Н.Бекжанов атындағы музыкалық драма театрында «Ля-ля-фа» балалар музыкальдік студиясы ашылып, мәдениет қайраткері, қаламгер Тілеген Бекарыстановтың «Таусылыман ертегісі» қойылымымен шымылдығын түрді.

### Ержан ҚОЖАС.

Талапты балалардың шығармашылығын шыңдаған қойылымның бас режиссері – Оңталап Нұрмаханов. Ал қойылымның негізгі әртістері – балалардың өзі. Басты рөлдерде – Еламан Серікұлы мен Сәзім Қаһарман. Театрға көрермендердің лық толғаны соншалық, ересек балалар қойылымды тұрып тамашалады. Қала балабақшалары мен бастауып сынып оқушыларына ерекше көңіл-күй сыйлаған студия ұжымына ата-аналар да шексіз риза. Қойылымда сондай-ақ «Томирис» би ансамблі, «Сыр сандуғаштары» балалар вокалды тобы, «Атамекен» облыстық үлгідегі балалар ауылының өнерпаздары, «Ай-ар», «Балбулақ» би топтары да өнер көрсетті.

Айта кету керек, облыстық филармонияның шыңдаған қойылымның бас режиссері – Оңталап Нұрмаханов. Ал қойылымның негізгі әртістері – балалардың өзі. Басты рөлдерде – Еламан Серікұлы мен Сәзім Қаһарман. Театрға көрермендердің лық толғаны соншалық, ересек балалар қойылымды тұрып тамашалады. Қала балабақшалары мен бастауып сынып оқушыларына ерекше көңіл-күй сыйлаған студия ұжымына ата-аналар да шексіз риза. Қойылымда сондай-ақ «Томирис» би ансамблі, «Сыр сандуғаштары» балалар вокалды тобы, «Атамекен» облыстық үлгідегі балалар ауылының өнерпаздары, «Ай-ар», «Балбулақ» би топтары да өнер көрсетті.

Айта кету керек, облыстық филармонияның шыңдаған қойылымның бас режиссері – Оңталап Нұрмаханов. Ал қойылымның негізгі әртістері – балалардың өзі. Басты рөлдерде – Еламан Серікұлы мен Сәзім Қаһарман. Театрға көрермендердің лық толғаны соншалық, ересек балалар қойылымды тұрып тамашалады. Қала балабақшалары мен бастауып сынып оқушыларына ерекше көңіл-күй сыйлаған студия ұжымына ата-аналар да шексіз риза. Қойылымда сондай-ақ «Томирис» би ансамблі, «Сыр сандуғаштары» балалар вокалды тобы, «Атамекен» облыстық үлгідегі балалар ауылының өнерпаздары, «Ай-ар», «Балбулақ» би топтары да өнер көрсетті.

Кезекші редактор Сара АДАЙБАЕВА.

### Отұрткі



## АРАЗ БОЛСА АҒАЙЫН

Қазақ «ағайын тату болса ат көп, абысын тату болса ас көп» деп, бауырлар арасындағы татулық ел бірлігінің сақталуының негізі саналаған.

### Сара АДАЙБАЕВА.

Көптен бері ауылға ат басын бұрмаған едік. Демалысты пайдаланып, туған-туыс пен ағайынға барып қайттық. Ауыл-аймақтың амандығын сұрап, жаңалығын білдік. Сонда естігенім, ауылда үлкен бір әулеттен шыққан ағайынды екі жігіт үйді бөлсе алмай, араздасып қалыпты. «Бір анандан ала да туалы, құла да туалы» демекші екі бауырдың таласқаны әке-шешеден қалған қарапанақар екен. Әке-шешенің көзі кеткен соң, екеуінің арасында тартыс басталған. Бір құрсақтан шыққан ағайын-інлі бауырлардың ісіне тоқтау салып, ел ағалары мен ақсақалдары да ақыл айтты. Бірақ ағайындылар бір ұмыраға келе алмай, даулары одан әрі өршісе керек. Кішімін деп іні илікпеген, үлкенмін деп аға қайырылмаған. Ақыр аяғы іс насырға шауып, бірін-бірі сотқа сүйрірген көрінеді. Даулы іске сот нүкте қойғанмен, бауырлар бір-бірін кешіре алмаған. Қазір бірінші қуанышында екініші тәбе көрсетпейтін күйге түсіпті. Балалары да ата-ананың ығына жығылып, туысының есігін қақпайды екен.

Міне, қаймағы бұзылмай қазақтылықты сақтаған ауылдағы көрініс. Есті-

генде көңілің құлазиды. Пенделілік пен дүниенің қызғына бойғұрған екеудің әрекетін көріп, «алдына келсе, атасының құнын кешетін» кешегі кешірімді, мейірімді және бауырмалдық қасиетіміздің қайда кеткеніне қайран қаласың... Бұл бір ғана мысал. Қазір анасы балаларын, әпкесі ағасын, інісі апасын сотқа сүйріргені жаңалық болмай қалды. Бәрінің араздығы дүние-мүліктен туындап отырғаны белгілі.

Бұрын үлкендер бауырлар ортасындағы даулы істі шешуге тырысып, ақылға шақыратын. Екі жақты татуластырып, сауап алатын. Ал қазір ше? Етіміз үйреніп, «е, онысы дұрыс болмапты» дей салады.

Ағайын бір түбірден өскен ағаштың бұтақтары тәрізді. «Ағайыннан шет жүрсең, көңілің бір күн тарығар», «Туғаныңмен сыйыспасаң, кең дүниеге сыймасың», «Ақылды алдамға ағайын көп», «Бауыр шырын, бас тәтті, ағайынмен ішкен ас тәтті» деген тәмсілдер де бауырдың бір-біріне қымбат екенін аңғартады.

Жалпы, қазақ халқы туыстық байланысты ерекше бағалаған. Оны қадірлеудің негізі шариятта жатыр. Дініміз адамдар арасындағы туыстық қатынастың берік болуын қолдайды. Бір сөзбен айтқанда, туыстық қарым-қатынасты қазақтың сақтайтын ел әлемде кемде-кем еді. Ендеше ағайыннан ажырамай, туыстыққа сызат түсірмеуді ойланайықшы!

Меншік иесі  
**СЫР МЕДИА**  
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

БАС ДИРЕКТОР  
**Аманжол ОҢҒАРБАЕВ**  
қабылдау бөлмесі  
тел/факс: 8/7242/ 70-00-36  
  
БАС РЕДАКТОР  
**Қуат ШАРАБИДИНОВ**  
қабылдау бөлмесі –  
тел: 8/7242/ 40-02-17

Бас редактордың орынбасары – 70-00-43  
Жауапты хатшы – 70-00-81  
  
Бөлімдер:  
руханият және ақпарат – 70-00-64, 70-00-41  
экономика – 70-00-41, 70-00-68  
әлеумет және саясат – 70-00-73  
жарнама – 70-00-49, 70-00-52  
есеп-қисап – 70-00-39, 70-00-38,  
компьютер орталығы және корректорлар – 70-00-34

Газет аптасына 3 рет (сейсенбі, бейсенбі, сенбі күндері) шығады.  
  
Газет Қазақстан Республикасының Мәдениет және ақпарат министрлігі Ақпарат және мұрағат комитетінде тіркелген.  
Тіркеу куәлігі № 12993-Ғ, 27.08.2012 ж.

Қызылорда облыстық «Сыр бойы» газеті ҚР СТ ИСО 9001-2009 «Сапа менеджменті жүйесі» талаптарына сәйкес сертифицирталған. Авторларға қаламақы тапсырыс бойынша төленеді, қолжазба өңделеді және қайтарылмайды. Жариялымдар газеттің түпкілікті көзқарасын білдірмейді. «АҚ» - ақылы қызмет. Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында қатталып, «Сыр медиа» ЖШС өз баспаханасында басылды.  
Тел.: 8/7242/ 40-06-68.  
Газеттің таралымы бойынша 8/7242/ 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.  
  
Таралымы 28684  
Тапсырыс №1712